

**6D010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша
(PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған**

Бахтиярова Саягул Жаксыбаевнаның «Қазақстанның дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім беру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

№ p/p	Критериялар	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірі таңдалу керек)	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы).	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Олимпиадалық білім беру әлеуметтік құбылыс ретінде, біргінде жаһандық сипатқа ие болады. Бұл процестің болашағын болжауға барлық негіз бар, өйткені оның негізі белгілі қындықтарға қарамастан, біздің елімізде олимпиадалық білім беру тәжірибесі жинақталуда. Осы тұрғыда ҚР ҰОК миссиясы Олимпиадалық қозғалысты дамыту және қорғау, Қазақстан Республикасының аумағында олимпиадалық құндылықтарды – құрмет, достық және ізгілікті насиҳаттау болып табылады.
		2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)	Докторанттың зерттеуі 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 168 қаулысымен Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында көрсетілген бағыттарға сай келеді. 2020 жылғы 17 шілдедегі Олимпиада Хартиясында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған.
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал	Зерттеу нәтижелері түпнұсқа, ғылыми жаңалыққа ие, автордың болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау саласында косқан елеулі үлесін көрсетеді. Жұмыста автор жоғары оку

		оның маңыздылығы жақсы <u>ашылған</u> / ашылмаган	орындарында болашақ дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беруді дамытудың заманауи мәселелері мен даму келешегін ашады. Зерттеу тақырыбының маңыздылығы «Олимпиадалық білім беру» элективті пәні бағдарламасы өзірленіп, оку үрдісіне енгізілуімен және болашақ дene шынықтыру және спорт мамандарына олимпиадалық білім беру саласында олимпиадалық сауаттылықтарын арттыруға, олимпизмнің мұраттары мен құндылықтарымен таныстыруға ықпал етуді дамыту міндеттерін шешу жолдарын іздеу аясында жақсы ашылған.
3	Дербестік қағидасы	Дербестік деңгейі: 1) <u>жоғары</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) дербестік жоқ	Зерттеуді жоспарлау, ұйымдастыру, жүргізу, нәтижелерді талдау және түсіндіру бойынша барлық жұмыстарды докторанттың өз бетінше орындағанын көруге болады, бұл түрғыда докторант жоғары ғылыми әлеуетке ие. Зерттеудің нәтижелері мен негізгі ережелері ғылыми жарияланымдарда, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, Scopus дерекқорына кіretін Халықаралық ғылыми басылымдарда, сондай-ақ Бүкілресейлік, халықаралық конференциялар материалдарында баяндалған. «Олимпиадалық білім» оку құралы мен «Олимпиадалық білім негіздері» электронды оқу-әдістемелік өзірлеме дайындалған. «Олимпиадалық білім» оку құралы Авторлық Куәлік (2020 жылғы «5» маусым, № 10594) алынған.
4	Ішкі бірлік қағидасы	4.1 Диссертация өзектілігінің негізделгендігі: 1) <u>негізделген</u> 2) ішінара негізделген;	Диссертацияның өзектілігі жұмыста негізделген. Ойткені, әзірге біздің елімізде қазіргі олимпиадалық білімнің өзекті әлеуметтік-мәдени мәселелерін жан-жақты талдаған және олимпиадалық білім беруді жүзеге асыру үшін дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындаудың ғылыми негізделген әзірлемелері мен оған қатысты

	<p>3) негізделмеген</p> <p>4.2 Диссертация мазмұнында диссертация тақырыбының айқындалғандығы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <u>1) айқындейды</u> 2) ішінара айқындейды; 3) айқындармайды <p>4.3 Мақсат-міндеттердің диссертация тақырыбына сәйкестігі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <u>1) сәйкес келеді</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>іргелі еңбектер жеткіліксіз. Осыған байланысты, елімізде дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім беру мәселесінің өзектілігі мен әлсіз дамығандығын ескере отырып, олимпиадалық білім беруді жетілдірудің әдістемесін жасаудың қажеттілігін нақты дәлелдермен негіздейді.</p> <p>Бахтиярова Саягул диссертация жұмысының тақырыбын қарастыруда айқын мақсат қоя біледі және осы мақсатқа жету жолында алға қойған міндеттерді толық орындаған. Диссертация мазмұны олимпиадалық білім беру бойынша өзекті зерттеу мәселесін толығымен айқындейды.</p> <p>Диссертацияның мақсат-міндеттері жоғары оқу орындарында дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім берудің мазмұны мен әдістемесін жасауға қажетті барлық мүмкіндіктерді ашады.</p> <p>1-ші бөлімнің нәтижелерінің негізdemelіgі мен шынайылығы жоғары. Қазіргі кезеңдегі олимпизмнің білім берудегі рөлі бойынша шетелдік және отандық тәжірибесіне талдаулар жасаған, олимпиадалық білім беруді ұйымдастырудың формалары мен әдістері анықтаған, дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім берудің басым бағыттарын жанжақты сараланған.</p> <p>2-ші бөлімнің нәтижелерінің негізdemelіgі мен шынайылығы жоғары. Олимпиадалық білім берудің теориялық және тәжірибелік негіздерін зерделей отырып, оны жоғары оқу орындарында болашақ</p>
--	--	---

		<p>дene шынықтыру және спорт мамандарының оку үрдісінде жоспарлауға және оларды іс-жүзінде жүзеге асыруға бағытталған тәжірибелі ұйымдастыру реттілігі мен әдістерін дұрыс таңдаған. Зерттеу жүргізуде қолданған барлық әдістердің мазмұнын толық ашып көрсеткен.</p> <p>3-ші бөлімнің нәтижелерінің негізdemelіgі мен шынайылығы жоғары. Дене шынықтыру және спорт саласында олимпиадалық білім берудегі заманауи қозқарастарға, «олимпизм», «олимпиадалық білім» ұфымдарына талдаулар жасаған, дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынған.</p> <p>4-ші бөлімнің нәтижелерінің негізdemelіgі мен шынайылығы жоғары. Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беруді іске асырудың қажеттілігінің басым бағыттарын айқындаған, дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындауга арналған «Олимпиадалық білім беру» әлективті пәні негізінде олимпиадалық білім беруді дамыту мен жетілдіру әдістемесінің мазмұнын жасаған.</p>
	4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық түрғыда байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ;	Бахтиярова Саягулдің таңдаған олимпиадалық білім беру тақырыбы өте ауқымды, соған қарамастан зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері зерттеу жұмысының құрылымы логикалық түрғыдан жүйеленіп біртұтастырымен ерекшеленеді. Диссертацияның әр бөлімі, тараушалары мазмұнының арасында логикалық байланыс пен ғылыми жүйе бір-бірімен толық сабактасып жатады.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп	Жұмыста тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытынды жұмыстың жаңалық дәрежесін айқындаиды. Сондықтан алған нәтижелері өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті

		<p>бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <u>1) сыни талдау бар;</u> 2) ішінара сыни талданған; 3) талдау өз пікірлерінен емес, басқа авторлардың цитатасынан құралған 	<p>шешуге, Қазақстанда олимпиадалық білім беруді жүзеге асырудың басты ережелерге бағытталған. Диссертант ұсынған жоғары оқу орындарында дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім берудің мазмұны мен әдістемесін жасаумен байланысты жаңа шешімдерімен, сонымен қатар олимпиадалық сауаттылықты арттыруды көздеуде оқу үрдісіне енгізілген «Олимпиадалық білім беру» элективті пәні осы саланың басқа шешімдерімен салыстырғанда дәлелденген және ғылыми-әдістемелік түрғыда талданған.</p>
5	Ғылыми жаңашалық қағидасы	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кемі жаңа болып табылады) 	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады:</p> <p>1 нәтиже - елімізде алғаш рет олимпиадалық білім беру тәжіриbesі жалпыланған, оның әлеуметтік-тариhi негіздері және қазіргі қоғамда жүзеге асырылу деңгейі талданды, жоғары оқу орындарында дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беру тәжіриbesін енгізу және дамыту бойынша шетелдік және отандық тәжірибе жинақталған.</p> <p>2 нәтиже - елімізде алғаш рет қазақстандық мамандар үшін «олимпизм», «олимпиадалық білім» ұфымдарының мазмұны нақтыланған.</p> <p>3 нәтиже - Қазақстанның жоғары оқу орындарында дene шынықтыру және спорт мамандарына олимпиадалық білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі және теориялық курсы («Олимпиадалық білім» оқу куралы, «Олимпиадалық білім негіздері» электрондық-әдістемелік әзірлемені) және практикалық оқыту құралдарын (олимпиадалық сөзжұмбактар, олимпиадалық викторина,</p>

		<p>олимпиадалық іскерлік және зияткерлік ойындар, олимпиадалық сабактар, олимпиадалық сөздіктің алфавиттік реттелген тізімі) қолдану негізінде олимпиадалық білім беруді жетілдіру әдістемесі әзірленген.</p> <p>4 нәтиже - құрылымдық-мазмұндық модельдің тиімділігі және дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде олимпиадалық білім беруді жетілдіру әдістемесін тәжірибе жүзінде пайдалану Қазақстанның жоғары оқу орындарында алғашқы рет эксперименталды түрде негіздеме берілген.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қортындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кемі жаңа болып табылады)</p>	<p>Жұмыста тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытынды жұмыстың жаңалық дәрежесін айқындайды. Диссертацияның барлық қорытындылары жаңа, зерттеудің мақсат-міндеттері мәнісінің ажырамас жалғасы және тұжырымдамасы болып табылады.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кемі жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде автор белсенді әдістерді, жаңа, заманауи техникалық және технологиялық шешімдерді қолданды. Олардың көмегімен, дене шынықтыру және спорт мамандарын болашақ кәсіби қызметтегі олимпизмнің идеалдары мен құндылықтарына тарту процесін онтайландыруға бағытталған бірыңғай кешенді бағдарлама, практикалық іске асыруға дайындығын арттыру, алғаш рет олимпизмнің идеалдары мен құндылықтарына баулу және оларды әлективті пәннің мазмұнына сәйкес өмірде қолдануға дайын болу анықталды.</p>

6	Негізгі қортындылардың негізделгендігі	<p>Барлық негізгі қортындылар ғылыми құндылығы бар дәлелдерге негізделген <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research, өнер тану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p><i>Бірінші қортынды бойынша шетелдік олимпиадалық білім беру тәжірибесі мен жоғары оку орындарында дene шынықтыру мамандарын дайындау бойынша олимпиадалық білім берудің озық тәжірибесіне бағдарланған отандық әдіснамасын жетілдірудің және тәжірибелі қорытудың басым бағыттары айқындалды.</i></p> <p><i>Екінші қортынды бойынша беделді елдеріндегі мамандардың «олимпизм» және «олимпиадалық білім» анықтамалары жинақталып, осы негізде қазақстандық олимпиадалық қозғалыстағы осы ұғымдар нақтылануына септігін тигізді.</i></p> <p><i>Үшінші қортынды бойынша олимпиадалық білім берудің күрылымдық-мазмұндық моделі айқындалды және олимпиадалық құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие болашақ dene шынықтыру және спорт мамандарын оқытудың әдістемелік тәсілдері мен формалары жинақталып, жүзеге асырылды.</i></p> <p><i>Төртінші қортынды бойынша болашақ dene шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық білім беруді жетілдіруде жүзеге асқан авторлық әдістемесін эксперименттік негіздеу олимпиадалық сауаттылығы мен олимпиадалық мәдениеттің жоғары деңгейін көрсетті.</i></p>
7	Көргауға шығарылатын, негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді</p> <p>2) дәлелденді деуге болады;</p> <p>3) дәлелденбеді деуге</p>	<p>С.Ж.Бахтиярованың зерттеуі Халықаралық және ұлттық спорт ұйымдарының алдына олимпизмнің негізгі қағидаттарын барлық жастардың меншігіне айналдыру, мектептер мен жоғары оку орындарында дene шынықтыру және спорт бойынша оку бағдарламаларында олимпиадалық білім берудің таралуына ықпал ету, олимпиадалық білім беруді жетілдіруді қолдау міндеті қояды.</p> <p>7.1 Барлық қорғалатын ережелер дұрыс қойылған міндеттерді, олар шешілетін бөлімдерді және диссертация бойынша тұжырымдалған қортындыларды логикалық жүзеге асыру арқылы дәлелденген.</p>

	<p>болады; 4) дәлелденбеді</p> <p><u>7.2 Тривиалды ма?</u> 1) иә 2) жоқ</p> <p><u>7.3 Жаңа ма?</u> 1) иә 2) жоқ</p> <p><u>7.4 Қолдану деңгейі:</u> 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p><u>7.5 Мақалада</u> дәлелденген бе? 1) иә 2) жоқ</p>	<p>7.2 Тривиалды емес, қорғалатын барлық ғылыми ережелер зерттеу әдістерін дұрыс таңдау арқылы және осыған үқсас бұрынғы зерттеулерден ерекшелігінің болуымен ғылыми дәлелді құрастырылған.</p> <p>7.3 Қорғалатын 4 ереженің барлығы жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қорғалатын ережелерді қолдану аясы өте кең, әрі нақты болып табылады.</p> <p>7.5 Диссертацияда автор негізгі зерттеу міндеттерін шешумен байланысты өзінің 21 басылымына сілтеме жасаған. Дене шынықтыру және спорт мамандарына олимпиадалық білім беру мәселесіне байланысты автордың бірнеше мақалалары көрсетілген.</p>	
8	<p>Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p><u>8.1 Әдіснаманың</u> таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p><u>1) иә</u> <u>2) жоқ</u></p> <p><u>8.2 Диссертация</u> жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды</p>	<p>Әдіснаманың таңдауы – негізделген, зерттеу әдістері толығымен айқын көрсетілген, олимпиадалық білім тұжырымдамасы мен олимпиадалық қозғалыстың тұжырымдамалық негіздері, олимпиадалық білім берудің теориясы мен әдістемесі, олимпиадалық білім берудің теориясы мен әдіснамасы, олимпиадалық білім беруді оқыту технологиялары мен олимпиадалық білім беруді арқылы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру туралы ғылыми тұжырымдамаларына негізделген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың жан-жақтылығы және толыққандылығы ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерінің пайдалануымен, зерттеу нәтижелерін заманауи компьютер технологиялар көмегімен талдау және интерпретациялаудың тиесілі әдістерінің таңдалуымен</p>

	<p>қолдану арқылы</p> <p>ғылыми зерттеулердің</p> <p>қазіргі заманғы әдістері</p> <p>мен деректерді өндеу</p> <p>және интерпретациялау</p> <p>әдістемелерін пайдалана</p> <p>отырып алынған:</p> <p><u>1) иә</u></p> <p><u>2) жоқ</u></p>	<p>байланысты. Зерттеуде Google форманың мүмкіндігін пайдаланып</p> <p>сынап көрді және бұл онлайн сауалнамалар жасаудың тамаша құралы</p> <p>екеніне көз жеткізді.</p>
	<p>8.3 Теориялық</p> <p>қорытындылар,</p> <p>модельдер, анықталған</p> <p>өзара байланыстар және</p> <p>зандылықтар</p> <p>эксперименттік</p> <p>зерттеулермен</p> <p><u>дәлелденген және</u></p> <p><u>расталған</u></p> <p>(педагогикалық</p> <p>ғылымдар бойынша</p> <p>даярлау бағыттары үшін</p> <p>нәтижелер</p> <p>педагогикалық</p> <p>эксперимент негізінде</p> <p>дәлелденеді):</p> <p><u>1) иә</u></p> <p><u>2) жоқ</u></p>	<p>Зерттеу логикасына сай ізденуші алдымен анықтаушы эксперимент</p> <p>жүргізеді. Алынған зерттеулер өзара байланыстар мен заңдылықтар</p> <p>дәлелденген, зерттеу нәтижелері аналитикалық және статистикалық</p> <p>талдау барысында расталған.</p>
	<p>8.4</p> <p>Маңызды</p>	<p>Диссертациялық</p> <p>жұмыста</p> <p>түжірымдалған</p> <p>нәтижелер</p> <p>мен</p>

		<p>мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ішінара расталған/ актуалды және дәлелді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/әдебиетке шолу үшін жеткіліксіз</p>	<p>қорытындылардың шынайылық дәрежесін диссертацияның мазмұнынан көруге болады. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Бұл пайдаланылған әдебиеттер тізімінен көрініс тапқан.</p> <p>Диссертация бойынша әдебиеттерге шолу барысында ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттердің жеткілікті мөлшері пайдаланылған (194 әдебиет), және зерттеу мәселесі мен оны шешу жолдарын толығымен ашуға мүмкіндік берді.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) иә</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Зерттеу барысында алынған нәтижелер жоғары оку орындарында дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде, сондай-ақ әртүрлі білім беру мекемелерінде олимпиадалық білім беруді үйымдастырудың мүмкіндіктері туралы ғылыми түсініктердің кеңеюімен байланысты.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) иә</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы олимпиадалық білім беру тәжірибесін жинақтау, оның әлеуметтік-тарихи негіздерін ашу және шетелдік және отандық тәжірибеде олимпиадалық білім беруді іске асырудың тәжірибиесін жинақтаумен байланысты. Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесінде «Олимпиадалық білім беру» элективті пәннің құрылымы мен мазмұны моделін</p>

			кұрастыру әдістемесі жоғары оқу орындарындағы дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындау тәжірибесінде кеңінен қолданысын табады.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кемі жаңа болып табылады)		Диссертант біріншіден Қазақстандағы ғылыми айналымға олимпиадалық білім беру қызметінің ерекшеліктерін дәлірек көрсететін «олимпизм» және «олимпиадалық білім» ұғымдарының түсінігін кеңейтуді жөн деп санайды. Автор олимпизмнің іргелі идеяларын берудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын «Олимпиадалық білім беру» пәні «Дене шынықтыру және спорт» оқыту бағыты бойынша білім беру бағдарламасының оқу жоспарына базалық пәндер немесе бейіндік пәндер циклінде енгізілуі қажет деп көрсеткен. «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі» ғылыми-теориялық журналында олимпиадалық мәселелерге арналған бөлім арнауды ұсынуы өте орынды деп санаймын.
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен	Диссертациялық жұмыстың сапасы 6D010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалатын зерттеудің талаптарына сәйкес келеді. Диссертация ғылыми мәнерде баяндалған. Ізденуші ойларының қисынды бірізділігі байқалады. Диссертация мәтіні автор келтірген дәлелді тұжырымдарына сай сипатталған. Жалпы диссертация мазмұны түсінікті және қойылған міндеттерге жету амалдары, әдебиет материалдарын жеткізу жолдары, педагогикалық тәжірибелің барлығы және оны талдаудың сапалы болуы, өз бетінше алынған тәжірибе-зерттеу тұжырымдарға дәлел келтіруі жүйелі-логикалық қозқарастың бар екендігін дәлелдейді. Жұмыс қойылған стандартқа сәйкес рәсімделген, жазылу сапасы – жоғары деңгейде.

(PhD) Философия докторы дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды:


Бахтиярова Саягул Жаксыбаевнаның «Қазақстанның дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім беру» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі қазіргі дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындаудың жаһандану үдерісіне сай жастарды олимпизмнің мұраттары мен құндылықтарымен таныстыру, өскелен үрпақтың білім беру, тәрбиелеу және оқыту жүйесінде маңызды орын алады олимпиадалық білім беру мәселесін іздестіруге арналған. Бахтиярова Саягул Жаксыбаевнаның 6D010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған жұмысының мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы айқын, зерттеу нәтижелері мен рәсімделуі «Ғылыми дәрежелерді беру Ережелеріне» толық сәйкес келеді және ғылыми талаптардың мүддесінен шығады.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Бахтиярова Саягул Жаксыбаевна 6D010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

27.03.2023



Доскараев Б.М.